

Қазақстан Республикасында құрылыс өнімдеріне келісімді баға қойғанда жинақталған сметалық есептесу жасағанда кәсіпорындарда, құрылыс пен ғимараттарды салғанда сметалық бағаны анықтаудың негізгі Ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі 1996 жылғы 28 мамыр N 5-3 қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 6 қыркүйекте N 195 тіркелді

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 400 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес және Қазақстан Республикасы Құрылысминінің кейбір кесімдерін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Құрылысмині алқасының мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Құрылысмині алқасының 1996 жылғы 28 мамырдағы N 5-3 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 6 қыркүйекте тіркелген, тіркеу N 195, Қазақстан Республикасында құрылыс өнімдеріне келісімді баға қойғанда жинақталған сметалық есептесу жасағанда кәсіпорындарда, құрылыс пен ғимараттарды салғанда сметалық бағаны анықтаудың негізгі ережелері...

2. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы Құрылыс министрлігінің 1996 ж. 26 қаңтар күнгі алқасынан N 1-2 қаулысын орындауда республика көлемінде экономикалық реформаны жүргізуде құрылыс материалдарына келісімді бағаны қолдана отырып, сметалық баға жасап, оның жүйесін кеңейтуді одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында құрылыс өнімдерінде, тұрғын үй мен ғимараттарды тұрғызғанда сметалық құнын айқындағанда құрылыс өнімдеріне жинақталған сметалық есептесуді және келісімді бағаны жасаған кездегі негізгі Ережесі" бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен

мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданылатын болсын.

2. Құрылыста баға белгілеп және сметалық нормаларды жетілдіретін Басқармаға /Л.Б.Құсмолдинаға/ осы нормативті құжатты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгілеген тәртіпке сәйкес тіркеуден өткізуге ұсыну тапсырылсын.

Министр

Қазақстан Құрылыс министрлігінің
1996 жылдың 28 мамырындағы /N 5-3/
алқасында бекітілген

Осы негізгі Ережелер Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдар негізінде дайындалып, құрылысты жүргізгенде сметалық нормаларды жасау мен баға қою системасына байланысты негізгі мәліметтер жинақталып, Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан экономикалық реформа мен дамып келе жатқан рыноктық қатынастар негізінде құрылыс жұмысын жүзеге асырғанда оның барлық сатыларын жобалау алдында және жобалық-сметалық құжаттарды әзірлегенде, құрылыстың сметалық құнын айқындауда жалпы әдістемелік Ережесі келтіріліп құрылыс өнімдерінің жалгерлік бағасын шығарғанда, және сметалық есеп-қисаптарды /сметаны/ жасағанда, сол сияқты игерілген жұмыстардың есеп-қисабын жүргізгенде нақтылы ұсыныстар бар.

Негізгі Ережеде сметалық құжаттарды келісімдік бағаның ведомостісі / келісімге келу хаттамасы/, сметалық шығындардың түрлері туралы мәліметтер және қазіргі бағаға сәйкес үлгілік есеп-қисаптың нысандары келтірілген. Нормативтік құжаттардағы Ережелер мен қағидалар Қазақстан Республикасының аймақтарында кімге бағыныштылығына және меншіктік түріне қарамастан күрделі құрылыстар жүргізетін кәсіпорындар мен ұйымдарда құрылыстың сметалық құнын, құрылыс материалдарының келісімдік бағасын айқындап, тәртіптеуге көмектеседі.

Негізгі Ереженің іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Құрылыс министрлігінің 1994 ж. 2 наурыз күнгі /N АК-5-1-431/ номерлі әзірлеп, қазір қолдануда жүрген "Республикада ұлттық валюта "теңгені" енгізуге байланысты кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттарды тұрғызғанда, оның бағасын /құнын/ анықтауда, жинақталған сметалық есеп-қисаптарды және келісімдік бағаны жасаудағы негізгі Ереже күшін жояды. _____

х Қазақстан Республикасында шетелдік фирмалардың қатысуымен салатын құрылыстардың құнын /бағасын/ айқындаудың ерекшеліктері "Қазақстан Республикасында шетелдік фирмалардың /инвесторлардың/ қатысуымен құрылыстың құнын /бағасын/ айқындаудың тәртібі" деген Ережеде айқындалады.

I. Құрылыс бағасын айқындаудың негізгі

Ережелері

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумақтарында меншіктік және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан кәсіпорында және ұйымдарда құрылыстың сметалық бағасын айқындауда және құрылыс өнімдеріне келісімділік баға қойған кездегі әдістемелік құжат болып табылады.

2. Сметалық құжат рыноктық қатынастарды ескере отырып, белгілі бір тәртіпке сай /ҚНМЕ А.2.2-1-96/ қосымша шарттарды ескере отырып жасалынады.

Жобалаудың сатысы, жобалау сметалық және жоба жасау алдындағы құжаттарда мердігерлік және тапсырыс жасаушылар жобалап іздестіру жұмысын жүргізуге құқығы бар жобалаушы және басқа да ұйымдармен қатыса отырып, оның мерзімі құжаттарда айқындалып, жалгерлік шартта көрсетілуі тиіс.

3. Жаңадан салынып, қайта құратын, кеңітетін және техникалық жағынан қайта жарақтандыратын мекемелер, үйлер мен ғимараттарды салғандағы бағасы - оны жүзеге асырудағы кететін ақшалай қаржы болып табылады. Ол жоба алдындағы жасалған пысықтау құрамына еніп, айқындалады.

Құрылыстың сметалық бағасына кәсіпорынды, үйлер мен ғимараттарды салған кездегі жұмсалатын ақшалай қаржылар, ол жоспарлау материалдарына сәйкес жүзеге асыру үшін қажетті:

Құрылыстың сметалық құны - күрделі қаржының көлемін белгілеу, құрылысты қаржыландыру, құрылыс өнімдеріне келісім шарттық бағаны айқындау, құрылыс-монтаж жұмысын орындағанда мердігерлік жұмысқа есеп-қисап жүргізу, құрал-жабдықтарды сатып алып, оны құрылыс басына жеткізгендегі шыққан шығынды төлеу, сол жиынтық сметалық есеп-шотқа көрсетілген басқа да шығындарды өтеуге байланысты құралады.

Сметалық құжаттардың негізіне есеп жүргізу мен есеп беру, шаруашылық есеп және құрылыс-монтаж ұйымдардың және мердігерлердің қызметіне баға беріледі. Сметалық баға арқылы салынған кәсіпорынның, үй мен ғимараттардың негізгі қорының іске асуындағы баланстық бағасы айқындалып, белгіленген тәртіпке сәйкес айқындалады.

4. Құрылыстың сметалық бағасын айқындаудың негізі:

- жобалау мен жұмыс құжаттарына /РД/, бұған сызу жұмыстары қосылады, құрылыс жұмысының көлемінің ведомостісі, құрал-жабдықтардың спецификациясы мен ведомостісі, құрылысты жүргізіп ұйымдастыру мен тұрғызу кезегінің негізгі шешімдеріне, сол секілді жобалық материалдарға түсініктемелік жазбаға;

- қолданылып жүрген сметалық нормативке, сол сияқты құрал-жабдықтарды, жиһаз бен жабдықтарды сатар кездегі бағаға;

- бұл құрылысқа сәйкес орталық және басқа да мемлекеттік басқарма органдарының шешімдеріне.

5. Құрылыстың сметалық құны күрделі қаражат жұмсаудың технологиялық құрылымына сәйкес және құрылыс-монтаж ұйымының қызметін жүргізу тәртібі төмендегідей элементке байланысты:

- құрылыс жұмыстарын жүргізу;
- жабдықтарды монтаждауға байланысты жұмыстар /монтаждау жұмыстар/;
- құрал-жабдықтарды, жиһаздарды және құрал-саймандарды сатып алуға /немесе әзірлеуге/ кеткен шығындар;
- басқа да әртүрлі бағыттағы шығындар;

6. Жобаланған кәсіпорынның, үйлер мен ғимараттардың және оның кезегін салу құрылысын жүргізу үшін сметалық құжаттар әзірленеді, ал жергілікті сметадан тұратын, жергілікті сметалық есеп-айырысу, объектінің сметасы, объектінің сметалық есеп-қисабы, жеке бір шығынның есеп-айырысуы, құрылыс құнының жиынтық сметалық есеп-қисабы, шығынның мәліметі т.б. N 1 қосымшадағы /I-7/ нысанда көрсетілген.

Жергілікті сметалар - ол сметалық құжаттардың бастапқысы болып табылады және ол әрбір жұмыстың түрлеріне, әрбір ғимараттар мен үйлерге кеткен шығындарға немесе жұмысшы құжаттары /РД/ және жұмысшы сызбаларында айқындалған, жалпы барша алаң жұмыс көлеміне жасалынады.

Жұмыс көлемі егер де айқындалмаса және кететін көлем шығыны нақтылы анықталмай жұмысшы құжаттарына /РД/ анықтау қажет болған жағдайда әрбір жеке циклдарға және құрылыс пен тұрғын үйлерге кететін шығындардың жұмыстарына және бүкіл алаңдағы жұмыстар көлеміне арналып жергілікті сметалық есептесу жасалынады.

Объектінің сметасы - жергілікті сметаның мәліметтерін өз құрамына біріктіреді, соның нәтижесінде құрылыс өнімдерінің келісімдік бағасы қ а л ы п т а с а д ы .

Объектінің - сметалық есептесуі өз құрамына жергілікті сметалық есеп-айырысудың мәліметтерін және жұмысшы құжаттарына /РД/ сәйкес айқындалып нақтыланатын жергілікті сметаларды біріктіреді.

Егер де сметалық нормативте /мысалы: құрылыс салатын жерді алуға байланысты өтем /компенсация/ төлеген жағдайда, Үкімет шешіміне сәйкес жеңілдік жасалса, немесе қосымша еңбек ақыға ақша төлеп қаржы жұмсалса жұмсалатын /лимитті/ қаражаттың көлемін айқындауды және жұмсалатын шығынды өтеуді қажет еткенде кейбір құрылыс түрлеріне кететін шығындарға сметалық есептесу жасалынады.

Объектінің сметалық есеп-қисаптың, объектінің сметасы және сметалық әрбір шығындардың жеке бір түрлеріне жасалған сметалық есептесу негізінде кәсіпорынның, үйлер мен ғимараттардың /оның келесі кезеңдерінің/ құрылыс құнының /бағасының/ жинақталған сметалық есептеуі жасалынады.

Шығынның мәліметтері де - бұл да сметалық құжат, онда кәсіпорын салатын құрылыстың құны /бағасы/ айқындалады. Сонымен бірге келесі кезеңде салынатын құрылыстың, үйлердің және өндірістік бағытқа арналған объектілермен қоса азаматтық - тұрғын үйге және басқа да қажеттерге арналып салынатын құрылысқа сметалық құжаттар жасалынады.

Егер де құрылысты салу мен кәсіпорынды, үйлер мен ғимараттарды тұрғызып пайдалануға беріп жеке бір іске қосатын кәсіпорын орын ретінде жүзеге асырылуы көзделсе ондайда іске қосылатын комплекске қосылып N 1 қосымшадағы N 6 нысанға сәйкес объектінің құнының /бағасының/ сметалық ведомостісі жасалынады.

Бұл ведомость іске қосылатын комплекстің құрамына кіретін объектілердің сметалық бағасын, сол сияқты құрылыс алаңындағы жұмыстарға және кеткен шығындардың бәрін біріктіреді.

Объектінің сметалық құны мен айналадағы табиғаттық ортаны қорғау жұмыстары туралы ведомость - кәсіпорынды, тұрғын үйлер мен ғимараттарды салғанда айналадағы табиғаттық ортаны қорғау туралы шараларды жүзеге асыру көзделген жағдайда жасалынады.

Ведомость /N 1 қосымшаның N 7 үлгісі бойынша/ толтырылуы мүмкін. Сонымен бірге онда міндетті түрде жинақталған сметалық есептесуге сәйкес қабылданған объектінің және жұмыстың реттілігі сақталады.

Ведомостіге табиғатты қорғауға байланысты салынған объекті мен жүргізілген жұмыстарға жұмсалған шығындардың сметалық құны ғана толтырылады.

7. Рыноктық қатынас жағдайында құрылысқа қажетті өнімдердің бағасы / құны/ инвесторлар мен мердігерлер арасындағы құрылысқа және кәсіпорынды, үйлер мен ғимараттарды тұрғызып немесе күрделі жөндеуден өткізу туралы тең құқығы негізіндегі келісім жасалған келісім шартқа /контрактыға/ байланысты.

Құрылыс өнімдеріне шарттық баға туралы келісімге келу туралы ұсынысты дайындап, оны инвесторлар құрылыстың бағасын шығару туралы шешім алу үшін мыналарды ескеру ұсынылады:

Жоба жасар алдында немесе жобалық-сметалық құжаттарды әзірлегенде инвесторлардың тапсырмасы бойынша - инвесторлық сметаны /есептесу, шығатын шығындардың есебі/ шығарылады.

Инвесторлардың тендерлік құжаттарына /смета, өндірістен шығатын шығындардың есебіне/ мердігерлік есептесуге сәйкес мердігерлердің жобалау

мекемелерінің немесе олардың тапсырмасы бойынша күрделі құрылыс жұмысын жүргізуге арналып, шарттасу дайындалып, оған нақтылы дәйектеме әзірленеді.

Инвесторлармен және мердігерлермен смета /есептесу/ жасау әртүрлі әдістермен жасалынуы мүмкін, ол оны таңдап алу шарттық талапқа және жалпы экономикалық жағдайға байланысты.

8. Кәсіпорынның, үйлер мен ғимараттардың құрылысын салғанда немесе келесі бір кезегін тұрғанда /сметалық бағасын анықтағанда төмендегідей құжаттар жасалынады:

Жобаның құрамында:

Құрылыстың бағасы /құны/ жинақталған сметалық есептесуі /расчеты/; және шығындардың мәлімет /қажет болған жағдайда/;

Объектілердің және жергілікті сметалардың есептесуі /расчеты/;

Әртүрлі шығындардың /оның ішінде жобалау мен іздестіру жұмыстарының/ сметалық есеп-қисабы жасалынады;

Жұмыс құжаттардың /РД/ құрамына;

Объектінің және локалдық /сметалар/;

Сметалық құжаттарды дайындағанда 1991 ж.1 қаңтардан бастап қолданылып келе жатқан сметалық нормалық база қолданылады.

Сметалық құжаттарда құрылыстың құны екі деңгейдегі бағада көрсетіледі:

Қолданылып жүрген сметалық норма мен баға негізінде белгіленген базистік /тұрақты/ деңгейде;

Құрылысты жүргізген кездегі болжамға және сметаны жасаған кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты бағаға сәйкес нақтылы кезеңдегі немесе болжамдық деңгейде;

Құрылыстың расчеты бағасы ТЭО /негізделген инвестицияға/ кіреді, сол секілді УПСС УСП және СППП негізіне сәйкес белгіленген жобада айқындалады.

Құрылыстың нақты кезеңдегі бағасы тапсырыс жасаушы /инвестициялардың/ құжаттарында алдын ала болжам жасау бағытында болып, бұл құрылысты жүргізу мәселесін шешкенде шешім қабылдауға пайдаланылады.

9. Смета /расчет/ жасағанда құрылыстың бағасын /құнын/ айқындайтын ресурстық немесе базистік-компенсациялық әдіс қолданылуы да мүмкін.

Ресурстық әдіс - ресурстың нақты кезеңдегі бағасы мен тарифтік калькуляциясын айқындайтын, ол негізінен жобалық шешімдерді іске асырған кезде өте қажет болып табылады.

Калькуляциялау арқылы материалдардың, өнімдердің, конструкциялардың нақты қажеттілігін айқындайды және құрылыс машиналарын оның басқа да құрамының пайдалану уақытын белгілеп, құрылыс жүріп жатқан жерге жеткізу әдістері оның жолының қашықтығын, сонымен бірге жұмысшылар еңбегіне

кететін шығынды да есептейді.

Бұл ресурстар жобалық материалдардан, әртүрлі нормативтік және басқа да көздерден бөлінеді.

Бағаны айқындайтын ресурстық әдіспен құрылыста және монтаждау жұмыстарында сметалық есептесуді /сметаны/ жасағанда пайдаланылатын методикалық ұсыныста айқындалған. Құрылыс министрлігінің 1995 ж. 20 қаңтардағы N ЖД-5-1-107 қатынас қағазы/.

Базистік-компенсациялық әдіс - 1991 ж. 1 қаңтарынан бастап іске кірісіп, сметалық бағаның базистік көлемінен төленетін, жинақталған құны, құрылыстағы нақтылы баға мен тарифтің өзгеруіне қарай мына есептесулер толықтыруды қажет етеді, олар құрылыс ресурстары /материалдар, техникалық, энергетикалық, еңбек, құрал-жабдықтар, пайдаланатын саймандар, қызмет көрсету т.б. құрылыс процесіндегі бұл есептесулерді әрі қарай нақтылауды талап етеді.

II. Локалдық және объектінің сметалық есеп айырысуындағы құрылыстың бағасы

1. Жергілікті сметаға тура шығындар, үстеме шығыстар, сметалық кірістер /жоспарлы қор жинау/ бағалары кіреді:

Базистік деңгейдегі тура шығындар жұмысшылардың еңбегіне, материалдарға, өнімдерге, құрылыс машинасын құрастырып, оны пайдалануға кеткен қаржы есептелінеді.

Базистік деңгейдегі құрылыстың бағасы нақтылы түрде негізге алатын сметалық норма мен баға қою негізінде айқындалады, өндірістік-азаматтық және село құрылыс аймақ үшін өнімдер мен конструкцияларға, сол сияқты жергілікті құрылыс материалдарына сметалық бағасы, сол сияқты республикалық жинақтарда айқындалған және 1991 ж. 1 қаңтарынан бастап қолданылатын Ережеге сәйкес есептелінеді.

Сонымен бірге, бұрын бекітіліп қазір жұмыс істеп тұрған сметалық нормативтегі көрсетілген бір сом бір теңгемен теңгеріледі, былайша айтқанда құрылыстың сметалық бағасы ұлттық валютамен /теңгемен/ айқындалады.

2. Үстеме шығысқа өндіріске қажетті құрылыс-монтаж ұйымын құрып, оны қамтып, ұйымдастыратын, басқаруға кететін шығындар есептеледі.

Базистік деңгейдегі үстеме шығындардың бағасы локалдық сметада ескеріледі, оған негізгі Қазақ ССР Госархстройдың 1991 ж. 2 сәуірдегі N 1, сол сияқты 1991 ж. 5 маусымдағы N 5-2 және сол сияқты Комитеттің 1992 жылғы 22 қаңтарындағы N ЭО-5-9-150 қатынас қағазындағы ұсыныстар еске алынады.

Қазіргі жағдайдағы бағаға сәйкес шыққан үстеме шығындар жергілікті

сметада көрсетіліп құрылыстың бағасында ескеріліп, N 2 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

3. Сметалық пайда /жоспары қорлану/ - ол құрылыс-монтаж ұйымының кейбір жекеше /жалпы/ шығындарын жабуға арналған, бұл жұмыстың өзіндік құнына және де құрылыстың өнімдерінің нормативтік бөлімде көрсетілген бағасына қатысы жоқ.

1995 ж. 14. XI күнгі Құрылыс министрлігінің N АҚ-05-6-1881 ұсыныс хатына сәйкес құрылыс-монтаж және жөндеу жұмыстарына база ретінде жоспарлы қолдану нормасы айқындалып, онда 1991 ж. 01.01. тікелей шығындар мен барлық сомасының қосымша шығындардың 8 проценті белгіленеді.

Мемлекет пен шетелдік инвестицияның есебімен, рыноктық жағдайда мердігерлердің қосымша қаражаты арқылы құрылысты жүргізгенде жоспарлы түрдегі қор жинау көлемі тапсырыс жасаушы мен мердігерлер арасындағы жасалынған келісімде айқындалады, ол 25 проценттен аспауы тиіс.

Басқа да қосымша көздер жолымен қаржыландыру арқылы жүргізгенде, сметалық пайда /жоспарлы қорлану/ көлемі екі жақты мәмілеге келуі арқылы айқындалады.

Құрылыс жұмысын басқа біреулердің қаржыландыруына тәуелсіз болмаған мердігерлер мен тапсырыс берушілер арасындағы келісімге байланысты сметалық пайда /жоспарлы қорлану/ көлемі рыноктық жағдайда мердігерлік ұйымдардың қосымша жұмсаған қаражатына /шығындарына/ сәйкес, белгіленген базалық сапаға байланысты 8 процент мөлшерінен кем болмауы керек.

4. Объектінің сметалық расчеты /сметасы/ жергілікті сметалық есеп-шоттың /сметаның/ нәтижелерінің қосындылары жолымен жасалынады, сонда жұмыс жинақталып, "құрылыс жұмыстарының", "монтаждау жұмыстарының", "құрал-жабдықтар, жиһаздар мен құрал-саймандар" "басқа да шығындар" деп сметалық бағасы нақтылы бағанға /графаға/ толтырылады.

Олар бағаның базистік деңгейіндегі баға ретінде есептелініп, жазылады.

Объектінің сметалық расчеты - жобаның құрамындағы объектісінің сметалық лимитін айқындайды, ал объектінің сметасы - жұмысшы құжатының құрамындағы объектінің бағасын құрайды, осының негізіне келіп құрылыс өнімдерінің жалгерлік бағасы қалыптасады.

III. Құрылыс бағасының құрама сметалық есептесуі

1. Салынатын құрылыстың, ғимарат пен үйлердің немесе оның келесі кезегінің нақтылы құжаттары болып құрама сметалық расчеты саналады, ол жобада белгіленген құрылыстың барлық объектісін толық түрде аяқтауына қажетті сметалық лимитті айқындайды.

Белгілі тәртіпке сәйкес құрылыс бағасының жинақталған сметалық есептеулері күрделі қаражатты айқындап, құрылысты қаржыландыру лимиттік ашу үшін, сол сияқты құрылысты жүргізу үшін оның қажеттілігі мен қаржылық мүмкіндігі туралы мәселені шешуге керек.

Кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттар құрылысының немесе оның келесі кезегінің жобасын жасаған N 1 қосымшаның N 1 үлгісіне бағаны жинақталған сметалық расчеты жасалып толтырылады.

Барлық объектінің сметалық расчеты /сметалары/ нәтижелері және әрбір сметалық шығындардың сметалық расчеты жеке-жеке жолдарда жазылады.

Кәсіпорынның, үйлер мен ғимараттардың құрылысының бағасының жинақталған сметалық расчетының позициясы сметалық құжаттардың номерлеріне сілтеме жасалуы тиіс.

Жобада белгіленген әрбір объектінің "құрылыс жұмысының", "монтаждау жұмысының", "құрал-жабдықтар, жиһаздар, қолданылатын саймандар" басқа да әртүрлі шығындар және "жалпы сметаның бағасы" жеке-жеке графаларға б ө л і н е д і .

2. Құрама сметалық расчетта өндірістік және азаматтық тұрғын үй құрылысында қаражат мынадай тарауға бөлінеді:

1. Құрылыс салынатын аумақты /территорияны/ әзірлеу.
2. Құрылыстың негізгі объектілері.
3. Қосалқы және қызмет көрсететін объектілер.
4. Энергетикалық шаруашылық объектісі.
5. Қатынас шаруашылығы мен байланыс объектілері.
6. Сумен қамтитын канализацияның, жылумен газбен қамтитын құрылыстар ж ә н е с ы р т қ ы ж ү й е л е р .
7. Аумақты көркейту мен көгалдандыру.
8. Уақытша тұратын үйлер мен ғимараттар.
9. Әртүрлі жұмыстар мен шығындар.
10. Салынып жатқан кәсіпорынның /мекеменің/ дирекциясын/ техникалық қ а д а ғ а л а у ш ы ұ с т а у .
11. Эксплуатацияны жүргізетін кадрларды дайындау.
12. Жобалық және іздестіру жұмыстарын авторлық бақылау.

Халық шаруашылығының, өндірістің және кейбір құрылыстың түрлерінде министерство мен ведомствоның бекітуімен жобалау құжаттарының негізінде тараулардың аттарында және номенклатурасында жинақталған сметалық расчетта өзгерістер болуы мүмкін.

Құрылыс бағасының жинақталған сметалық расчетын номенклатураның үлгісі N 9 қосымшада көрсетілген.

3. Құрама сметалық расчет мердігерлік құрылыс-монтаж ұйымдарының

санына қарамастан тек қана сол құрылыс объектісіне жасалынады.

Әрбір мердігерлік ұйымдар жұмысының және шыққан шығындардың сметалық құны туралы жеке-жеке ведомсті жасалады, ол жобалық сметалық расчеты үлгісіне сәйкес келуі тиіс.

4. Жобалық құрамға енгізілетін бекіту жасауға ұсынылған құрама сметалық расчетқа түсініктеме анықтама хат жазылады, онда мыналар қамтылады:

- құрылыс орналасқан ауданның аумағына сілтеме жасалынады
- расчет жасалынған, сметалық құн көлемі
- құрылыс объектісінің сметасын жасауға алған, сметалық нормативтің к а т о л о г ы н ы ң т і з і м д е р і
- мердігерлік ұйымдардың аты
- үстеме шығын мен сметалық пайданың нормасы
- бұл объектідегі құрылыс жұмысындағы сметалық бағасын айқындаудағы е р е к ш е л і к т е р
- бұл объектідегі құрал жабдықтардың бағасының және оны монтаждауға кететін сметаны айқындаудың өзгешеліктері
- бұл объектідегі 8-12 тарау бойынша құрама сметалық расчетын айқындаудың ерекшеліктері мердігерлік және басқа мекемелер есеп-қисаптарына сілтеме жасалынған жағдайда және нақты құжаттардың көшірмесін салу ұ с ы н ы л а д ы .

Күрделі қаражат бағытында /азаматтық-тұрғын үй құрылысына/ қаржыны б ө л у д і ң р а с ч е т ы .

Құрылыстың құнын /бағасын/ анықтау тәртібі туралы басқа да мәліметтер, осы құрылысқа тән ортақ түрде пайдаланатын құрылыс объектісінің жобасының болуы, тең түрде қызмет көрсететін ортақ объектілердің құрылыс қаражаттарына қосу туралы; сол сияқты үкіметтік және басқа да мемлекеттік өкімет органдарының бұл құрылысқа бағаны жасау мен жеңілдік беру туралы нақтылы шешімдеріне сілтемелер жасалған мәліметтер;

5. Жинақталған сметалық расчетта құрылыс бағасы /құны/ 4-8- топта мынадай қорытындымен жазылады:

Әрбір тарауда егер тарауда бөлімдер болса, онда әрбір бөлім бойынша / тараудағы 1-7, 1-8, 1-9, 1-12 қосындысы бойынша, сол сияқты кейін кездескен жұмысқа және одан шыққан шығындарға резервтік қаржыдан ақшаны аударған соң - "Құрама расчеттың қорытындысы" жазылады.

6. 1 тарауға "Құрылыс салатын аумақты әзірлеуге" - құрылыс тұрғызылатын аумаққа жер учаскесін бөлу және игеруге байланысты жұмысқа кететін қаржы мен шығындар жазылады.

Жер учаскесін бөлу, сәулеттік-жобалауға және салатын құрылыстың қызыл л и н и я с ы н а й қ ы н д а у ;

Тұрғын үй немесе ғимараттардың осін айқындап, оны пункттермен және таңбалы белгілермен бөлу.

Құрылыс салынатын аумақты /аймақты/ бұрыннан бар керексіз ескі құрылыстан, егілген ағаштардан, өндірістік қайырма мен үйінділерден, басқа да кедергі келтіретін басы артық заттардан арылтып тазартылуы тиіс.

Сол сияқты, бұзылатын үйде тұратын тұрғындар көшіріліп, инженерлік желілер, коммуникациялар, салынған басқа бір қажетсіз құрылыстар, темір жол мен тас жолдар көшіріліп, жаңадан салынады, жердің бетіндегі құнарлы топырақ ойылып алынып, басқа бір жерге тасылып, үйіледі, бұдан басқа да т.б. кейбір жұмыстар атқарылуы тиіс.

Жеке бір адамның /исі жекеменшіктік құқысы да болуы да/ мемлекеттік, қоғамдық, кооперативтік ұйымдардың меншігіндегі бұзылатын /немесе көшірілетін/ құрылыстарға, көгал мен екпе ағаштардың бағасына сәйкес өтемақы төлеуі тиіс.

Құрылыс жүргізілетін аймақ құрғатылып, суды пайдалануды тоқтатып немесе оны азайту ісі ұйымдастырылады, сол сияқты табиғи айналаны қорғауды ұйымдастырып, құрылысқа кедергі келтіріп кесірін тигізетін қолайсыз жағдайлар жойылуы керек.

Құрылыс жұмысы жүргізілген кездерде бөлініп берілген жер учаскесін тәртіпке сай дұрыс ұстап, кейін ауыл шаруашылығы, орман-тоғай, балық өсіретін шаруашылығына пайдаланған кезде, бүлінген жерді орнына қайта келтіру /рекультивация шаралары/ жобаға сәйкес жүргізіледі.

Құрылысқа бөлінген жер учаскесі үшін төлем ақша төленуі тиіс.

Уақытша пайдаланған жер учаскесіне келтірілген зиянды және кеткен шығындарды, олардың ортақ зиянды құқықтарын шектеп және жердің құнарлылығын төмендетуге байланысты /тұрғын үйлер мен ғимараттарды бұзу немесе басқа бір жерге қайта көшіруге/ кеткен шығындар төленуі тиіс.

Жеміс-жидектік, қорған болу үшін отырғызылған ағаштар немесе көпжылдық көшеттер, бітпеген өндіріс орындары-жыртылған жер, тасылмай қалған тыңайтқыштар, өсіп тұрған егін және төмендеген жердің құнарлылығын қалпына келтіру үшін ақша төленеді.

Жерден алынатын өнімнің сапасының нашарлауы, оны пайдаланудың біржола тоқтатылу немесе шектеушілік нәтижесінде, ауылшаруашылық өндірісінің тоқырауына байланысты келтірілген шығындар өтелуі тиіс.

Құрылыс жүргізілген аймақты қайта құрап, қалпына келтіруге байланысты кеткен басқа да шығындардың өтемін қолданылып жүрген заңға сәйкес төленеді.

Құрылыстың құны туралы жинақталған сметалық есеп-айырысудың N 1 тарауында ескеріліп, бөлінетін қаржы көлемін айқындау N 3 қосымшаға сәйкес

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

7. Үйдің, құрылыстың және ерекше бағытқа арналған жұмыс түрлерінің сметалық бағасы "Құрылыстың негізгі объектілері" деген 2 тарауға қосылады.

8. Қосалқы және қызмет көрсету объектілердің сметалық бағасы "Қосалқы қызмет көрсететін объектілер" деген 3 тарауға қосылады.

- Өндірістік құрылысқа - жөндеу-техника шеберханалардың, завод басқармасының ғимараты, эстакадалар, галереялар, қоймалық бөлмелер және т.б.

- Азаматтық - тұрғын үйлік құрылысқа - шаруашылық үшін қажетті корпустар, әрлі-берлі адамдар өтетін бөлме /проходная/, ғылыми қалашық пен ауруханадағы жылы жайлар, қоқыс жинаушы және басқалар, сол сияқты кәсіпорын құрылыс жүргізіп отырған аймақ ішінде орналасқан мәдени-қызмет көрсету бағытындағы үйлер мен ғимараттардың бағасы /құны/, жұмыс істеушілерге арналған оңаша тұрған поликлиника, асхана, дүкендер, құрылыстық қызмет көрсететін басқа да объектілер;

Егер де құрама сметалық есеп-қисапта бу қазандығы, электрмен жабдықтау желісі, жылу жүйесі, көгалдандыру, асфальттық жол және басқалар жекеше жобамен әзірленеді, ол 3-7 тарауда белгіленіп, көрсетіледі, ал бұл объектінің сметалық бағасы /құны/ 2 тарауға басты объекті ретінде қосылады.

9. 4-7 тарауға аты тізбектегі объектілерге сай келетін объектілер тіркеледі.

10. "Уақытша түрде салынған үйлер мен ғимараттар" деген 8 тарауға уақытша түрде салынып және бұзылатын үйлер мен ғимараттарға жұмсалатын қаржы жазылады, құрылыс-монтаж өндірісінің жұмыстарына және құрылыстың жұмысшыларының тұрмысына қажетті уақытша түрде лайықтап салынған өндірістік, қоймалық, қосалқы бағытта тұрғызылған баспана мен қоғамдық негіздегі ғимараттар мен үйлер жазылады.

Уақытша салынған үйлер мен құрылыстар титульдік және титульдік емес болып екіге бөлінеді. Титульдікке /яғни құрылыс үшін қажеттілікті қамтамасыз етеді, ал титульдік еместе /жеке объектінің қажеттігін қамтамасыз етеді/, олар үстеме шығынның құрамына кіреді.

№ 13 қосымшада титульдік және титульдік емес уақытша түрде салынған үйлер мен ғимараттардың тізбесі берілген.

Титульдік үй мен ғимаратқа арналған қаржының көлемі, құрылыс ұйымын жобалаушылардың /ПОС/ берген мәліметтеріне сәйкес расчетпен айқындалады немесе ол уақытша салынатын үйлер мен ғимараттардың титульдік қажеттілігіне сай келуі тиіс немесе сметалық нормамен шығынды бейнелейтін Жинақта /СНиП 4.09-91/ көрсетілген нормаға сәйкес келуі тиіс, ол құрылыс пен монтаждау жұмысының сметалық бағасының проценті түрінде жинақталып 1-7 тараудың жинақталған сметалық есеп-қисабына /расчетына/ жазылады. Қаражат 4, 5 және

8 бағанға /графаға/ жазылады. Көрсетілген осы шығынды анықтау принципі N 3 қосымшада көрсетілген.

Құрылыс ұйымын жобалаушылардың /ПОС/ мәліметіне сүйене отырып, расчетты жасағанда N 13 қосымшада көрсетілген, уақытша салынатын үйлер мен ғимараттардың титуліне кіретін жұмыс пен шығынның тізбелері пайдаланылады.

11. 9 тарауға "Әртүрлі бағыттағы жұмыстар мен шығындар" жазылады, оған мыналар кіреді:

Қыс кезінде құрылыс-монтаждау жұмысын жүргізгенде қосымша шығынға кеткен қаржы есепке алынып, ол шығын Жинақтағы нормаға /НДЗ-91/ сәйкес айқындалады, ол 1-8 тараудың қорытындысы бойынша құрылыс пен монтаждау жұмысының сметалық проценттік түрде белгіленгенін 4, 5-8 бағанда /графада/ көрсетілген.

Шағын аудандар, кварталдар немесе тұрғын үйлер мен қоғамдық бағыттағы ғимараттар тұрғызғанда сметалық бағасы өзіндік үлес салмағын ескере отырып 2 тараудағы /тұрғын үйлер, мектеп, дүкендер, оқу және емдеу мекемелері және т.б. сияқты объектілерге жатқызылып, проценті ескерілуі тиіс.

Басқа да жұмыстар мен шығындар жұмсалған қаражаттың көлемі N 3 қосымшаға сәйкес айқындалуы мүмкін. Міне, осымен N 9 тарауға қосылатын шығынның құрамы құрылыс жүрген кездегі нақты жағдайға сәйкес белгіленеді.

12. "Салынатын кәсіпорынның дирекциясын /техникалық қадағалаушыны/ ұстауға" - тапсырыс жасаушылардың - салушылардың /бірыңғай тапсырыс беруші, салынып жатқан кәсіпорынның дирекциясы/ аппарат құрамын ұстауға кететін қаржылар жазылады, нормада көрсетілген толық сметалық бағасын проценттік түрге балап-шаққандағы сомасы көрсетіліп, ол 10 тарауға жазылады, 1-9 тарауда ескерілген бұрынғы ССРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1983 ж. 25 сәуір күнгі N 79 қаулысына сәйкес 1 сом ақша 1 теңгеге теңгеріледі.

Тапсырыс жасаушы - салушы /бірыңғай/ тапсырыс беруші, салынып жатқан кәсіпорынның дирекциясы/ және техникалық қадағалаушы туралы Ережеде көрсетілген адамдарға қаржы белгілеу ССРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1988 жылы 2 ақпан күнгі бекітілген N 16 қаулысына сәйкес төленеді және ол 7 және 8 бағанда көрсетіледі.

Салынып жатқан кәсіпорында /техникалық қадағалау/ жұмысын жүргізу үшін қосымша қаражат тапсырыс жасаушы мен мердігерлердің қосымша шығынын толық бағасына немесе ол рыноктық қатынастың процентіне байланысты болады.

Көрсетілген қосымша шығындар құрылыстың негізгі бағасы ретінде жинақталған сметалық расчетта 7 және 8 бағанда көрсетілген.

Бұл шығындарды есептен шығару принципі N 3 қосымшада көрсетілген.

13. 12 тарауда "Эксплуатациялық /пайдалану/ кадрларын әзірлеу" жазылады, ол жаңадан салынып жатқан және қайтадан құрылатын кәсіпорынға қажетті эксплуатациялық кадрларды әзірлеу кезіндегі қажетті қаражат, оны айқындайтын есептесу жұмысы, /7 және 8 бағанда/ толықтырылады, ол мынадан шығады:

оқу орталықтарында, курстық-оқу комбинаттарында немесе осы сияқты тектес өндіріс орындарындағы мекемелерде және т.б. жерлерде мамандығын жетілдірген жұмысшылардың құрамы мен саны;

о қ у м е р з і м і ;

жұмысшы кадрларын теориялық және өндірістік оқуына керекті қаржы;

оқитын жұмысшылардың стипендиясы және оларды реттеп, төлеу;

оқу орнына дейін және кейін қайту үшін /стажировкадан/ үшін төленетін қ а р ж ы ;

осы кадрларды әзірлеп-дайындауға байланысты басқа әртүрлі шығындар - б е л г і л е н е д і .

Есептеу жұмысы міндетті түрде, қазіргі кездегі айналыста жүрген бағаға б а й л а н ы с т ы т ө л е н е д і .

14. 12 тараудағы "Жобалау мен іздестіру жұмыстары, авторлық бақылауға" жұмсалатын қаражат /7 және 8 бағанға жазылады, ол мынаны ескереді:

жобалау-іздестіру жұмыстарының игерілуі - жобалау мен іздестіру істері ж е к е - ж е к е к ө р с е т і л е д і .

құрылыспен байланысатын жобалайтын ұйымдардың жұмыстарына авторлық б а қ ы л а у ж а с а у .

- жобалау алдындағы және жобалау құжаттарына сараптама жүргізу.

Жобалау-іздестіру жұмыстарының бағасы бұрынғы ССРО Мемлекеттік құрылыс комитеті бекіткен 1991 ж. 1 қаңтардағы жобалау мен іздестірудің құны туралы Жарлықта белгіленген коэффициентімен белгіленеді.

Жоба жасап іздестіру жұмыстарына деген және қосымша шығындар Қазақстан Республикасының Құрылыс министрлігі белгіленген коэффициентіне сәйкес белгіленеді және ол негізгі бағадан тыс ретінде 7 және 8 бағанда к ө р с е т і л е д і .

Құрылыс жұмысына жоба жасаушыларға авторлық бақылауына негізгі деңгейдегі бағасы белгіленген нормалық расчет арқылы белгіленеді ол N 4 қосымшадағы N 1 кесте бойынша белгіленеді.

Құрылыс жұмысына авторлық бақылауды жүргізгенде кететін шығын, рыноктық қатынастың қалыптастырған жағдайына қарай еңбекке ақы төлеу пропорционалды түрде арттырылады, оған негізге осы құжаттың 20 процентіне сәйкес жасалған сметалық құжат есепке алынады.

Жоба жасаушы ұйымның құрылысқа жүргізетін авторлық бақылауына жұмсалатын шығынның есеп-қисабының есебі қосымшада көрсетілген.

Бұл шығындар 7 және 8 жиналған сметалық расчетқа қосылады, ол тапсырыс жасаушының негізгі бағасынан тыс лимит болып табылады.

ТЭО-ның және жобаның сараптау бағасы Құрылыс министрлігінің алқасының 1995 ж. 31 тамыз күнгі N 9-2 қаулысында қабылданған "Қазақстан Республикасының территориясында сәулет-қала құрылысында сараптау жұмысын жүргізгенде оның бағасын айқындаудың Тәртібіне" сәйкес қ а б ы л д а н а д ы .

Негізгі және қазіргі кездегі бағаға байланысты кеткен шығындардың принциптерін айқындау N 3 қосымшада белгіленген.

15. Құрылыстың құрама сметалық бағасына бұрын белгіленбеген жұмыстар мен шығындарға жұмыстың құны мен шығындарын өтеуге арналған резервтегі қаржы қосылады оның қажеттігі жұмыс құжаттарын жасағанда немесе құрылыс жұмысы басталып жобалаған шешімдерді анықтау барысында немесе белгіленген жобаға сәйкес объектілерде /жұмыс түрлерін/ құрылыс жұмысын анықтар кезінде пайда болуы мүмкін.

Жалпы сметалық құнынан құрылысқа жиынның сметалық есеп-қисаптан әлеуметтік бағыттағы объектілерге 2 процент көлемінде, өндірістік бағыттағы объектілер үшін 3 процент көлемінде, бұл резерв жасалып, 4-8 бағандағы жолдарда айқындалып жекеше көрсетіледі.

Жинақталған сметалық расчетта белгіленген бұрын ескерілмеген жұмысқа шыққан қаржы мен шығынның резервтік бөлігі мердігерлер мен тапсырыс берушілер арасындағы көлемге сәйкес нақтылы келісімді бағаның есебінде құрылыс өнімінің құрамына енеді.

Мердігерлер мен тапсырыс берушілер арасындағы есеп-қисаптасуды жүргізгенде жұмыс көлемінің нақтылы орындағаны үшін түскен ашық көлемді қаржының бөлігі мердігерлердің резервінде қалдырылмай тапсырыс берушінің и е л і г і н д е қ а л а д ы .

16. Құрама сметалық есеп-қисаптау қорытындысында құрылыстың бағасы б ы л а й ш а б е л г і л е н е д і :

а) Бағасы ескеріліп қайтарылатын қаржы:

құрылысты жүргізген мерзіміне қарамастан материалдар мен детальдарды және уақытша салынған үйлер мен ғимараттарды бұзғаннан кейін уақытша салынған үйлер мен ғимараттардан /бағасының тозу есебінен/ 15 проценттік көлеміндегі с м е т а л ы қ б а ғ а д а н ;

материалдар мен детальдардан, конструкцияны бөлшектеген кезде, үйлер мен ғимараттарды бұзып, көшірген кездегі есеп-айырысуда көрсетілген көлемнен;

қызмет көрсететін шетелдік адамдар тұратын тұрғын үйлер және қызмет көрсететін бөлмелерді жиһаздармен жабдықтау үшін сатып алынған жиһаздарды, құрал-жабдықтар мен тұрмыстық қызметке қажетті саймандарды, шефтік көмек

арқылы құрастырылған саймандар;

объектіге құрылысты жүргізгенде қосымша табылған материалдардан;

б) Бөлшектенген және қайта жабдықтанатын немесе жұмыс істеп тұрған және техникалық қайта жарақтанатын кәсіпорынның құрал-жабдықтарының баланстық бағасының /объекті мен жергілікті есеп-қисабы мен сметасы/ қ о с ы н д ы с ы .

в) Шағын аудандарды немесе тұрғын үй мен ғимараттар құрылысының күрделі қаржы бағытындағы жалпы сметалық бағасы бөлінісінің жалпы қосындысы мынаған байланысты болады, егерде бұл құрылыстың құрамында тұрғызылатын құрылыстар белгіленсе немесе бөлек тұратын үйлер мен ғимараттар болса, ол әртүрлі сауда және қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету, коммуналдық шаруашылық және басқа да бағытта болса;

Шағын аудандарды немесе комплекстің құрамына кіретін басқа бір объектілерді тұрғызу, орналастыру және жеке бір жұмыстардың сметалық бағасы б ы л а й ш а б ө л і н е д і :

Квартал ішіндегі /ауладағы/ сумен жабдықтау, канализация, жылу және электрмен қамтамасыз ету жүйелерінің т.б. объектілердің қажет етуіне қарай пропорциялы түрде бөлінеді, аумақты көркейту мен көгалдандыру жұмыстарының учасюттың аумағына пропорциялы түрде бөлінеді.

Қалдық құны объектінің жалпы аумағына пропорциялы түрде бөлінеді:

Күрделі қаражаттың әртүрлі бағытта болу жұмысы құрылыс құнының жинақталған сметасы туралы түсіндірме жазба түрінде жүзеге асады.

17. Мердігерлердің қосымша шығындары рыноктық қатынастың жағдайына және ескерілмеген сметалық норма мен бағаны ескере отырып, әрбір құрылыстың нақты бағытына жеке-жеке есеп-қисап жасау арқылы айқындалып тапсырыс берушімен келісуі тиіс және құрылыстың жалпы сметалық расчетында негізгі бағадан тыс бағандарда көрсетіледі.

Онда күрделі құрылымға сәйкес келетін күрделі қаржыға, сол сияқты құрылыс салу мен лимит жүргізу жұмысындағы өндіріске байланысты қосымша шығында сол сияқты тапсырыс берушімен жұмсалған қаржысы құрылыс пен монтаждау жұмыстарына құрал-жабдықтарды сатып алуға кеткен бағаға бөлініп, 4, 5 және 6 бағандарға жазылады, ал авторлық техникалық бақылау сияқты және т.б. "жай" шығындар есебінде қосымша шығыстар ретінде 7 бағанда жазылады, ал 8 бағанда жинақталған сметалық есеп-қисаптасудың барлық жинақталған с о м а с ы ж а з ы л а д ы .

18. Шарт арқылы келісімді бағамен немесе басқа да бағалармен сатып алынып ол жергілікті бағадан қымбатқа түссе /НДС-ты есептемегенде/ қымбатталған материалдың ресурстардың құнын есептеп шығару тәртібі жүзеге асырылмай N 5 қосымшада белгіленеді.

19. Құрылыс машиналары мен механизмдерінің пайдалану кезіндегі материалдық шығындардың артуы N 11 және 12 қосымшаға сәйкес айқындалады. Бұл шығындар тапсырыс берушімен келісіп алынып жергілікті бағадан артық есебінде көрсетіліп, 4, 5 және 8 бағанда белгіленеді.

20. Құрылыс өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбек ақысының өсуіне байланысты шыққан қосымша шығындар заң шығарушы органның нұсқауына сәйкес ең төменгі жалақы есебінде және өнімнің құны есебінде айқындалады.

Жұмысшылардың еңбегіне төлейтін сметалық еңбек ақы, еңбекті көбірек қажет ететін норматив өнімнің өзіндік құнына қосылатын сметалық нормативтік базадағы кепілдік берілген еңбек ақымен нақты жалақы арасындағы айырмашылық құрылыстағы сметалық құн мен шарттасқан баға құрамында расчеттар N 7 қосымшада көрсетілген.

Бұл қаржылар тапсырыс берушінің лимиті болып табылады, құрылыс-монтаж жұмысын нақты түрде жүргізген жұмыс ретінде мердігерлік ұйымның еңбек ақысына төленіп, N 4 және 8 бағандарда көрсетіледі құрылыстың жергілікті базистік жинақталған сметалық расчетының N 4 және 8 бағандарында көрсетіледі.

Ескерту: 21, 22-тармақтардың қазақша аудармасы болмағандықтан мәтіндері орысшада беріліп отыр.

21. Дополнительные затраты, связанные с увеличением транспортных расходов в связи с изменением тарифов на железнодорожные и автомобильные перевозки, определяются в соответствии с приложением 14.

22. Средства на отчисление в фонд содействия занятости включаются в сводный сметный расчет сверх базисной стоимости как лимит заказчика в размере 2 процентов к фонду оплаты труда и показываются в гр. 7 и 8 без включения в объем выполненных строительно-монтажных работ.

23. Автомобиль жолдарын пайдаланғаны үшін қорға аудару қаражаты рыноктық қатынасты ескере отырып, құрылыстың нақтылы сметалық құнының 0,5 процент көлемінде ескеріліп мердігерлердің қосымша шыққан шығындары есебінен төленіп 7 және 8 бағанда көрсетіледі. Мұнда Заң органдарының белгіленген салықтар мен міндетті түрдегі аударатын қаржы ескерілмейді, ол мердігерлердің бұл көрсетілген шығындарды өтеуге заказ берушілердің лимиті болып табылады.

24. Қосымша құнға салынатын салықтың сомасы:

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" N 2235 Z952235_ 1995 ж. 24 сәуірдегі Жарғысына сәйкес сол сияқты бас салық инспекциясының "Қосымша

құнға салынатын салықты айқындау және оны төлеу тәртібі туралы" 1995 ж. 26 маусымдағы N 37 Нұсқауына сәйкес және құрылысқа /кеңейту, қайта құру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды техникалық жағынан қайта жарақтану, үйлер мен ғимараттар сан жұмыстарын құрылыстардың жинақталған сметалық есеп-қисаптасуында есепке алып, құрылыстың жинақталған сметалық есептерінің 20 процент көлемінде шыққан шығынды жабу үшін НДС төлейді, бұл кезде рыноктық қатынасқа сәйкес мердігерлердің қосымша шығарған шығындары ескеріледі. Бұл қаржы "НДС-ты төлеу арқылы шыққан қаржыны толықтыру" деген атпен 7 және 8 бағандарда жеке түрде толықтырылады.

Міне осы кездегі шыққан қорытындыдан НДС-ты ескерген кезде материалдар мен конструкцияларға, құрал-жабдықтардың бағасының қымбаттауы, сол секілді қатынасқа және осы кездегі бағаға сәйкес қызмет көрсетуге екі рет төлеуден сақ болу керек .

